

Авторлар туралы мәліметтер:

Курманғалиева Гульнур Толеугазыевна* – докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 070000 Өскемен қ, 30 гвардиялық дивизия көш, 34, тел.: 87754025167, e-mail: guka.185@mail.ru.

Картаева Айжан Муратбековна – Философия ғылымдарының докторы, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 070000 Өскемен қ, 30 гвардиялық дивизия көш, 34, тел.: 87054173452, e-mail: kartaeva2011@mail.ru.

Жұмақасеева Береке Даулетханова – Педагогика ғылымдарының кандидаты, Сулейман Демирел атындағы университеті, Қазақстан Республикасы, 040901 Алматы қ, Абылайхан даңғ, 1/1.

Курманғалиева Гульнур Толеугазыевна* – докторант, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Республика Казахстан, 070000, г. Усть-Каменогорск, ул. 30-й Гвардейской дивизии, 34, тел.: +7 775 402 5167, e-mail: guka.185@mail.ru.

Картаева Айжан Муратбековна – доктор философских наук, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Республика Казахстан, 070000, г. Усть-Каменогорск, ул. 30-й Гвардейской дивизии, 34, тел.: +7 705 417 3452, e-mail: kartaeva2011@mail.ru.

Жумакаева Береке Даулетхановна – кандидат педагогических наук, Университет Сулеймана Демиреля, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, пр. Абылайхана, 1/1.

Kurmangaliyeva Gulnur Toleugazyevna* – PhD student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 070000, Ust-Kamenogorsk, 30-i Gvardeiskoy divizii Str., bld. 34, tel.: 87754025167, e-mail: guka.185@mail.ru.

Kartayeva Aizhan Muratbekovna – Doctor of Philosophy, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 070000, Ust-Kamenogorsk, 330-i Gvardeiskoy divizii Str., bld. 34, tel.: +7 705 417 3452, e-mail: kartaeva2011@mail.ru.

Zhumakayeva Bereke Daulet Khanova – Candidate of Pedagogical Sciences, Suleyman Demirel University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 1/1 Abylaikhan Ave.

XҒТАР 77.03.05

ӨОЖ 378:796.071

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532213>

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қабылбек А.Б.* – PhD докторанты, магистр, оқытушы-ассистент, Торайғыров университеті, Павлодар қ, Қазақстан Республикасы.

Ксембаева С.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Бообекова К.С. – PhD докторы, Қырғыз-Түрік Манас университеті, Бишкек қ., Қырғызстан Республикасы.

Темірғалиева С.Е. – аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің қазіргі жағдайы егжей-тегжейлі қарастырылады. Зерттеу барысында оқытудың модульдік әдістерін енгізуге, цифрлық технологияларды қолдануға және дәрігерлік-педагогикалық бақылаудың маңыздылығына ерекше назар аударылды. Мақалада білім беру бағдарламасы мен нормативтік-құқықтық базаға салыстырмалы талдау жүргізілді, "Дене шынықтыру және спорт туралы заңның" негізгі ережелері ескерілді. Сонымен қатар, кәсіби қажеттіліктер мен біліктілікті арттыру бағдарламаларына қанағаттанушылықты анықтау мақсатында дене шынықтыру пәні бойынша оқытушылар арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері дене шынықтыру мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, оларды оқытудың кешенді әдістемелерін игеру және медициналық және педагогикалық менеджмент дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Арнайы курстарға қол жетімділіктің шектелуі, мектептердегі техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі және мұғалімдерге арналған арнайы цифрлық ресурстардың болмауы сияқты мәселелер анықталып, олардың келесі зерттеулерде назар аударылуы белгіленеді. Қашықтықтан оқыту платформалары мен заманауи технологияларды қолданудың табысты тәжірибелері қарастырылып, жүйені жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстар мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға, оқыту сапасын жақсартуға және дене шынықтыру сабақтарының қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, біліктілікті арттыру, кәсіби даму, Қазақстан, медициналық-педагогикалық бақылау.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Қабылбек А.Б.* – докторант PhD, магистр, преподаватель-ассистент, Торайғыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.

Ксембаева С.К. – кандидат педагогических наук, профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.

Бообекова Қ.С. – доктор PhD, Кыргызско-Турецкий университет Манас, г. Бишкек, Республика Кыргызстан.

Темиргалиева С.Е. – магистр, старший преподаватель, Торайғыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.

В данной статье подробно рассматривается современное состояние системы подготовки и повышения квалификации учителей физической культуры в Республике Казахстан. В ходе исследования особое внимание было уделено внедрению модульных методов обучения, применению цифровых технологий и важности врачебно-педагогического контроля. Проведен сравнительный анализ образовательной программы и нормативно-правовой базы, учтены основные положения «Закона О физической культуре и спорте». Кроме того, был проведен опрос среди преподавателей физической культуры с целью выявления удовлетворенности профессиональными потребностями и программами повышения квалификации. Результаты исследования свидетельствуют о необходимости повышения цифровой грамотности учителей, освоения комплексных методик их обучения и совершенствования навыков медицинского и педагогического менеджмента. Выявлены такие проблемы, как ограниченный доступ к специальным курсам, нехватка технического оборудования в школах и отсутствие специальных цифровых ресурсов для учителей – обозначенные проблемы должны найти отражение в следующих публикациях. Рассмотрены успешные практики использования платформ дистанционного обучения и современных технологий, даны конкретные рекомендации по совершенствованию системы. Данные рекомендации позволят повысить профессиональную квалификацию учителей, улучшить качество преподавания, обеспечить доступность и эффективность занятий физической культурой.

Ключевые слова: физическая культура, повышение квалификации, профессиональное развитие, Казахстан, медико-педагогический контроль.

CURRENT STATE OF ADVANCED TRAINING OF PHYSICAL EDUCATION TEACHERS

Kabylbek A.B.* – PhD student, Master, Assistant Lecturer, Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Ksembayeva S.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Boobekova K.S – PhD, Kyrgyz-Turkish Manas University, Bishkek, Kyrgyz Republic.

Temirgaliyeva S.Y. – Master, Senior Lecturer, Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

This article examines in detail the current state of the system of training and advanced training of physical education teachers in the Republic of Kazakhstan. During the research, special attention was paid to the introduction of modular teaching methods, the use of digital technologies and the importance of medical and pedagogical control. A comparative analysis of the educational program and the regulatory framework was carried out, the main provisions of the "Law on Physical Culture and Sports" were taken into account. In addition, a survey of teachers was conducted to identify satisfaction with professional needs and professional development programs. The results of the study indicate the need to increase the digital literacy of teachers, master complex teaching methods and improve the skills of medical and pedagogical management. The problems such as limited access to special courses, lack of technical equipment in schools and lack of special digital resources for teachers are analyzed. Successful practices of using distance learning platforms and modern technologies are considered, specific recommendations for improving the system are given. These recommendations will improve the professional qualifications of teachers, improve the quality of teaching, and ensure the accessibility and effectiveness of physical education classes.

Key words: physical culture, professional development, professional development, Kazakhstan, medical and pedagogical control.

Кіріспе. Дене шынықтыру пәні білім беру жүйесінде ерекше орын алатыны анық, себебі оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, олардың физикалық және жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Алайда, әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты және жаңа технологиялардың енгізілуімен дамуы дене шынықтыру мұғалімдерінің рөлі де айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бүгін де педагог дәстүрлі дене тәрбиесі аспектілерін оқытумен қатар, медициналық-педагогикалық бақылау, цифрлық технологиялар және инклюзивті білім беру салаларында да білім мен дағдыларға ие болуы тиіс.

Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуын реттейтін бір неше нормативтік құжаттар бар, соның ішінде негізгі нормативтік құжат 2014 жылы қабылданған «Дене шынықтыру және спорт туралы» заң. Бұл заң мұғалімдерді кәсіби даярлау, білім берудің оңтайлы тәсілін қамтамасыз ету және инновациялық әдістемелерді дамыту талаптарын орындайды. Алайда, біліктілікті арттыру жүйесі қайта даярлау бағдарламаларының шектеулі болуы, білім беретін мекемелердің техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі және инклюзивті компонентке назардың жеткіліксіздігі сияқты бірқатар қиындықтарға әкеліп соғуда болуда [1, 29 б.; 2, 48 б.].

Қазақстандық авторлар өз еңбектерінде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың түрлі жолдарын қарастырған [3, 35 б.; 4, 1502 б.; 5, 98 б.; 6, 44 б.; 7, 18 б.; 8, 20 б.]. Шетелдік ғалымдардың еңбектеріне назар аударатын болсақ, түрік зерттеушілердің еңбектерін зерттедік, Emine Büşra Yılmaz, Deniz Hünük бір неше мақалада дене шынықтыру мәселелеріне тоқтаған [9, 608 б.]. Smith, J., Johnson, R., Rogerson, A., Parkes S. өз зерттеулерінде мұғалімдердің кәсіби дамуы: жаһандық мәселелерді қарастырған [10, 112 б.; 11, 78 б.].

Ресейлік ғалым И.В. Стародубцева «мұғалімдерге қойылатын талап күшейді, оның субъективтілігін күшейту қажеттілігі туындады. Жаңа жағдайларда дәстүрлі біліктілікті арттыру тәжірибесінің вариациялары курстық жұмыс түрінде мерзімдік оқытуға жеткіліксіз» екені белгілі деп жазған. Дене шынықтыру мұғалімдері әркез жаңа құзыреттерді меңгеру қажеттілігімен бетпе-бет келеді, өйткені өзгеріп жатқан жағдайларда өз міндеттерін тиімді орындау үшін бұл өте маңызды [12, 217 б.].

Біліктілікті арттыру бойынша жарияланымдарды талдауы осы уақытқа дейін мұғалімдерге кәсіби білім беру білім беруді жаңғырту жағдайында педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі инновациялық қозғалыс орталықтарының біріне айналуда. Бұл тұрғыдан дене шынықтыру мұғалімдердің біліктілігін арттыруда бір неше ойымыз бар.

Дегенмен, қанша зерттеулер болса, да дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыруына арналған еңбектер әлі де жеткіліксіз, әсіресе дене шынықтыру мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері терең қарастырылмағаны байқалады. Бұл мәселені ортаға алып, ғылыми тұрғыдан терең қарастыруды жөн көрдік.

Осы зерттеудің басты мақсаты, дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың қазіргі жағдайын анықтау, сол себептен мақала дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінің қазіргі жай-күйін, оның өзекті мәселелерімен мүмкіндіктерін талдауға, сондай-ақ оны жетілдіру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Мұндай құзыреттерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеу, білім алушылардың физикалық жағдайын бақылау технологияларын қолдану және оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу кіреді.

Материалдар мен әдістері. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау нәтижесінде курстардың көпшілігі дәстүрлі оқыту әдістеріне бағытталғаны анықталды. «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығында цифрлық технологиялар, инклюзивті білім беру және медициналық-педагогикалық бақылау бойынша модульдер енгізілген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, мұндай курстар тек 35%-дан аз мұғалімді қамтиды. Хельсинки университеті сияқты шетелдік жоғары оқу орындарының бағдарламалары бейімделген әдістемелерді, VR/AR технологияларын пайдалануды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеуге арналған арнайы тәсілдерді қоса алғанда, әлдеқайда кең тақырыптарды қамтиды [13, 149 б.]. Бұл Қазақстандағы мұғалімдерді даярлау жүйесінің халықаралық стандарттарға сай болу үшін жаңартуды қажет ететінін айқындайды (1 кесте)

1 кесте

Параметр	Қазақстан	Шетелдік тәжірибе (Финляндия)
Курс тақырыптары	Дәстүрлі әдістер	VR/AR, инклюзия, бейімделу әдістері
Курстан өткен мұғалімдердің үлесі	35%	60%
Мектептерді техникалық жарақтандыру	Төмен	Жоғары

Еліміздің әртүрлі аймақтарынан, соның ішінде ауылдық және қалалық білім беру мекемелерінен – 150+ мұғалім арасында сауалнама жүргізілді. Сауалдар қолданыстағы бағдарламаларға қанағаттанушылық деңгейі, кәсіби қажеттіліктер және жаңа технологияларды меңгеруге дайындық тақырыптарында жүргізілді. Респонденттердің 75%-дан астамы цифрлық сауаттылық пен инклюзивті білім беру

әдістеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының тақырыптарын кеңейту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, 60% мұғалім медициналық-педагогикалық бақылау саласындағы білімдерінің жеткіліксіз екенін және бұл әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге кедергі келтіретінін айтты (1 сурет). Мұғалімдердің қашықтықтан оқыту форматындағы курстарға айтарлықтай қызығушылығы байқалды, себебі олар ыңғайлылық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

1 сурет



Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңының 5, 11 және 28-баптары қарастырылды. Аталған заң барлық оқушылар, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді міндеттейді, бұл педагогтарды даярлаудағы тәсілдерді қайта қарауды талап етеді. Атап айтқанда, 28-бап мемлекеттік органдарды барлық әлеуметтік топтар үшін дене шынықтыру сабақтарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндеттейді. Дегенмен, қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламалары инклюзия және бейімделген әдістемелер тақырыптарын жиі қамтымайды [2, 48 б.].

2023 жылы саланы жаңғыртуға бағытталған Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді [14, 259 б.]. Негізгі бағыттарға бұқаралық спортты дамыту, мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделген дене шынықтыруды қолдау, спорт резервін дайындауды жетілдіру, спорт инфрақұрылымын жаңғырту және кадрлардың біліктілігін арттыру кіреді. Тұжырымдама дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсаттарына сәйкес келетін инновациялық әдістемелерді, цифрлық технологияларды енгізуге және білім беру бағдарламаларын жаңартуға баса назар аударады. Осы шараларды іске асыру қоғамның қазіргі заманғы сұраныстарын қанағаттандыра алатын қол жетімді және тиімді дене тәрбиесі жүйесін құруға бағытталған.

С.С.Жұмашева мен М.Р.Сағидуллаев ұсынған медициналық-педагогикалық бақылау бағдарламасының талдауы көрсеткендей, бұл компонент білім беру бағдарламаларында жиі кездеседі [15, 24 б.]. Алайда, ол оқушылардың денсаулық жағдайын диагностикалау мен мониторинг жасауда маңызды рөл атқарады. Осы зерттеу аясында оқушылардың физикалық жағдайын бақылау жүйелерін, оның ішінде киілетін құрылғылар мен деректерді талдауға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізуге бағытталған пилоттық жобалар қарастырылды. Бұл бағыт мұғалімдерге оқушылардың жағдайын бақылаумен қатар, жеке оқу бағдарламаларын жасауға мүмкіндік беретіндіктен айтарлықтай қызығушылық тудырады.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу нәтижелері біліктілікті арттырудың қолданыстағы бағдарламалары қазіргі білім беру үдерісінің талаптарына әрдайым сай келмейтінін көрсетті. «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңның 28-бабына қарамастан, мұғалімдердің тек 40%-ы ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) оқушылармен жұмыс істеуге дайын екенін сезінеді. Негізгі мәселелер мыналарды қамтиды:

- арнайы курстарға қолжетімділіктің шектеулілігі;
- мектептерде техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі;
- мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының төмендігі.

Қазіргі заманғы курстардың қолжетімділігінің шектеулілігі әсіресе ауылдық өңірлерде байқалады, мұнда мұғалімдер қажетті ресурстардың жоқтығынан қиындыққа тап болады. Ауыл мектептерінің 50%-дан астам педагогтары цифрлық технологияларға байланысты курстарға ешқашан қатыспағанын айтты. Бұл мемлекет 2019 жылы қойған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының міндеттерін орындауды қауіпке тігеді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында OpenU сияқты білім беру платформалары іске қосылды, олар біліктілікті арттыру курстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мұндай платформаларда оқудан өткен мұғалімдер кәсіби дағдыларының жақсарғанын және білім беру үдерісінің сапасының артқанын атап өтті. Оң мысалдардың бірі – мұғалімдерге өздерінің кәсіби дамуындағы өзекті тақырыптарды таңдауға мүмкіндік беретін модульдік курстардың енгізілуі. Мұндай курстарға инклюзивті білім беру, бейімделген бағдарламаларды әзірлеу және заманауи технологияларды қолдану модульдері кіреді.

Цифрлық технологияларды, оның ішінде VR/AR шешімдерін және физикалық белсенділікті бақылауға арналған қосымшаларды енгізу оң әсерін тигізді. Мысалы, осындай технологияларды қолданатын мектептерде оқушылардың дене шынықтыру пәні бойынша үлгерімі 15%-ға артты. Алайда, тек 30% мектепте ғана мұндай құралдарға қолжетімділік бар.

Жеке оқыту тәсілінің негізі болып табылатын медициналық-педагогикалық бақылау Қазақстандағы білім беру мекемелерінің тек 25%-ында ғана енгізілген. Бұл бағыттағы бағдарламаларды кеңейту дене тәрбиесінің сапасын айтарлықтай жақсартып алады. Мысалы, оқушылардың денсаулық жағдайын бақылауға арналған киілетін құрылғыларды пайдалану олардың физикалық жағдайын тиімді диагностикалауға және жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру Қазақстанның білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі болып қала береді. Талдау нәтижелері модульдік тәсілдер мен медициналық-педагогикалық бақылау бағдарламаларын енгізу педагогтарды даярлау сапасын айтарлықтай жақсартып алатынын көрсетті. Дегенмен, әсіресе ауыл мектептерінде бұл бағдарламалардың қолжетімділігіне қатысты айтарлықтай олқылықтар сақталуда.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру бастамаларының қаржыландыруын кеңейту қажет, бұл «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңның 23-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді. Цифрлық технологиялар мен онлайн курстарды енгізу оқытудың қолжетімділігін арттырудың маңызды қадамы болмақ. Сонымен қатар, VR/AR технологиялары мен инклюзивті білім беруді дамыту сияқты халықаралық тәжірибені белсенді пайдалану қажет. Мемлекеттік білім беру платформасын құру модульдік курстар мен кәсіби дамудың құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз етудің перспективалық бағыты болып табылады. Бұл шаралар мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, оқушылардың дене тәрбиесінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.** [электронды ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> (жүгінген күні: 19.01.2025).
- 2 **Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы** [электронды ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015344>. (жүгінген күні: 23.01.2025).
- 3 Kurakbayeva A., Xembayeva S. Enhancing professional abilities of university students through digital educational interventions: a study In Kazakhstani universities [Text] / A. Kurakbayeva, S. Xembayeva // Frontiers in Education Sec. Higher Education Volume 9. – 2024. – №28 (5). – pp. 335-450.
- 4 Chsherbakova Ye., Burdina E., Alimova Sh., Zhumadirova K. Developing psychologist attributes in higher educational institutions: case of Kazakhstan [Text] / Ye. Chsherbakova, E. Burdina, Sh. Alimova, K. Zhumadirova // International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – 2024. – Vol. 13, – No. 3. pp. 1502-1510.
- 5 Alimova Sh. Modification factors in the system of higher pedagogical education: global and national levels [Text] / Sh. Alimova, // Bulletin of the Toraighyrov University, ISSN 2710-2661. Pedagogical Series. – 2020. – № 4. – P. 98.
- 6 **Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар** [Мәтін] // Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2019. – 320 б.
- 7 **Инклюзивті білім беру** [Мәтін] / Оқу-әдістемелік құрал / Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстанғалиева, О.А. Панищева // М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. – Орал, – 2020. – 204 б.
- 8 Калиев К.А., Конуспаев К.С. Профессиональное развитие учителя физической культуры в формате внедрения инновационных технологий: проблемы и направления развития [Текст] / К.А. Калиев, К.С. Конуспаев // Педагогическая наука и практика. – 2022. – №4 (38). – С. 32-36.
- 9 Yilmaz E.B., Hünük, D. Exploring Exercise Behaviors and Health Knowledge in Secondary School Students: A Mixed-Methods Study in One School [Text] / E.B. Yilmaz, D. Hünük // Pamukkale Journal of Sport Sciences, – 2024. – № 15(3), – P. 608-631.

10 Караев Ж.А., Чокушева А.И., Сагиндигов И.У. Профессиональное развитие педагога как условие повышения качества обучения в школах [Текст] / Ж.А. Караев, А.И. Чокушева, И.У. Сагиндигов // Научно-педагогический журнал «Білім». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, – 2023. – No2. – С. 155-165.

11 Мұхамеджанова Ұ. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі [Мәтін] / Ұ. Мұхамеджанова. – Астана : Фолиант, – 2017. – 200 б.

12 Стародубцева И.В., Макаридин Д.Н., Завьялова Т.П. Повышение квалификации педагогов по физической культуре и спорту в условиях конкурса профессионального мастерства [Текст] / И.В. Стародубцева, Д.Н.Макаридин, Т.П. Завьялова // Вестник Томского государственного университета. – 2024. – № 505. – С. 217-225.

13 Ерофеева Р.Ж. Формирование профессиональной готовности учителей физической культуры с учетом гендерных особенностей обучающихся [Текст] / Р.Ж. Ерофеева // Дис. На соискание степени доктора философии (PhD). – Павлодар, – 2020. – 149 с.

14 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Мәтін] // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы, 28 наурыздағы № 251 қаулысы.

15 Жұмашева С.С., Сағидуллаев М.Р. Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру проблемалары [Мәтін] / С.С. Жұмашева, М.Р. Сағидуллаев // ҚазҰУ хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2012. – №2 (36).– Б. 24-29.

REFERENCES:

1 Bilim turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 19 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on Education]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> (accessed 19 January 2025). (In Kazakh)

2 Kazakhstan Respublikasynyn «Dene shynykytyru zhane sport turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Physical Culture and Sports»]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015344>. (accessed 23 January 2025). (In Kazakh)

3 Kurakbayeva A., Xembayeva S. Enhancing professional abilities of university students through digital educational interventions: a study In Kazakhstanian universities. *Frontiers in Education Sec. Higher Education*, 2024, vol. 9, №28 (5), pp. 335-450.

4 Chsherbakova Ye., Burdina E., Alimova Sh., Zhumadirova K. Developing psychologist attributes in higher educational institutions: case of Kazakhstan. *International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE)*, 2024, vol. 13, No. 3, pp. 1502-1510.

5 Alimova Sh. Modification factors in the system of higher pedagogical education: global and national levels. *Bulletin of the Toraighyrov University. Pedagogical Series*, 2020, no. 4, 98 p.

6 Bilim беру uymdarynda inklyuzivti madenietti kalyptastyru bojynsha adistemelik usynyndar [Methodological recommendations for the formation of an inclusive culture in educational organizations]. Adistemelik usynyndar, Nur-Sultan, Y. Altynsarin atyndagy Ulttyk bilim akademiyasy, 2019, 320 p. (In Kazakh)

7 Dorota Podgorska-Yachnik, Gabdrakhmanova Sh.T., Arystangaliyeva V.T., Panisheva O.A.. Inklyuzivti bilim беру [Inclusive education]. Oqu – adistemelik kural. M.Otemissoy atundagy BQU redaktciyalyk-baspa ortalygy, Oral, 2020, p. 204 . (In Kazakh)

8 Kaliyev K.A., Konuspayev K.S. Professional'noe razvitie uchitelya fizicheskoy kultury' v formate vnedreniya innovacionny'h tehnologij: problemy' i napravleniya razvitiya [Professional development of physical education teachers in the context of introducing innovative technologies: challenges and areas for development]. *Pedagogicheskaya nauka i praktika*, 2022, (4) (38), pp. 32–36. (In Russian)

9 Yilmaz E.B., Hünük, D. Exploring Exercise Behaviors and Health Knowledge in Secondary School Students: A Mixed-Methods Study in One School. *Pamukkale Journal of Sport Sciences*, 2024, № 15(3), pp. 608-631.

10 Karayev Zh.A., Chokusheva A.I., Sagyndikov I.U. Professionalnoe razvitie pedagoga kak uslovie pov'ysheniya kachestva obucheniya v shkolah [Professional development of teachers as a prerequisite for improving the quality of education in schools]. *Nauchno-pedagogicheskiy zhurnal «Bilim»*, Astana, NAO imeni Y. Altynsarina, 2023, no. 2, pp.155-165. (In Russian)

11 Mukhamedzhanova U. Dene shynykytyru panin okytu adistemesi [Physical education teaching methodology]. Astana, Foliant, 2017, 200 p. (In Kazakh)

12 Starodubtseva I.V., Makaridin D.N., Zaviyalova T.P. Pov'yshenie kvalifikacii pedagogov po fizicheskoy kulture i sportu v usloviyah konkursa professionalnogo masterstva [Improving the qualifications of physical education and sports teachers in the context of professional skills competitions]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2024, no. 505, pp. 217-225. (In Russian)

13 Yerofeyeva R.Zh. Formirovanie professional'noj gotovnosti uchitelej fizicheskoy kultury' s uchetom genderny'h osobennostey obuchayushhihsya [Developing the professional readiness of

physical education teachers, taking into account the gender characteristics of students]. Pavlodar, 2020, 149 p. (In Russian)

14 **Kazakstan Respublikasynyn dene shynykytyru men sport salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arналған tuzhirimdamasin bekitu turaly** [On approval of the Concept for the Development of Physical Culture and Sports in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy, 28 nauryzdagi № 251 kaulysy. (In Kazakh)

15 **Zhumasheva S.S., Sagidullayev M.R. Dene shynykytyru mugaliminin pedagogikalyk kuziretiligin kalypastyru problemalari** [Problems of forming pedagogical competence of a physical education teacher]. *QazUU khabarshysy. «Pedagogikalyk gylymdar» seriyasy*, 2012, no. 2 (36), pp. 24-29. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Қабылбек Айбек Болатбекұлы* – докторант, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Кутузов көш. 89/2, тел. 87476546934, e-mail: qabylybek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ксембаева Сәуле Камалиденқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Ломов көш., 64, тел. 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Бообекова Қадиян Сансакеевна – PhD, Қырғыз-Түрік Манас университеті, Қырғызстан Республикасы, 720031, Бішкек қ., Ч.Айтматов көш. 56 тел 0312 492765/725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Темірғалиева Самал Ермұхамбетқызы – дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000 Павлодар қ., Бекхожин көш, 9, тел. 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

Қабылбек Айбек Болатбекұлы* – докторант, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Кутузова 89/2, тел.: 87476546934, e-mail: qabylybek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ксембаева Сауле Камалиденқызы – кандидат педагогических наук, профессор, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Ломова 64, тел.: 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Бообекова Кадиян Сансакеевна – доктор PhD, Кыргызско-Турецкий университет Манас, Республика Кыргызстан, 720031, г. Бишкек, ул. Ч. Айтматов 56, тел.: 0312 492765 / 725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Темирғалиева Самал Ермұхамбетовна – старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Бекхожина 9, тел.: 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

Kabylybek Aibek Bolatbekuly* – PhD student, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 89/2 Kutuzov Str., tel.: 87476546934, e-mail: qabylybek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ksembayeva Saule Kamalidenkyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 64 Lomov Str., tel. 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Boobekova Kadiyan Sansakeyevna – PhD, Kyrgyz-Turkish Manas University, Kyrgyz Republic, 720031, Bishkek, 56 Ch. Aitmatov Str., tel.: 0312 492765/725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Temirgaliyeva Samal Yermukhambetovna – Senior Lecturer, Department of physical culture and sports, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 9 Bekkhozhin Str., tel.: 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

XFTAP 14.35.07

ӨОЖ 378

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532219>

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МАГИСТРАНТТАРЫНЫҢ БОЛЖАМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қасымбекова Н.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Бапанова Г.Қ. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.